

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАРЖЫ НАРЫҒЫН РЕТТЕУ
ЖӘНЕ ДАМУ АГЕНТТІГІ

БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫН ҚАДАҒАЛАУ
САЯСАТЫНЫҢ 2021 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН

НЕГІЗГІ БАСЫМДЫҚТАРЫ

Мазмұны

Кіріспе	Ошибка! Закладка не определена.
1-тарау. Қазақстанның бағалы қағаздар нарығы үшін 2020 жылдың қорытындылары.....	5
1.1. Бағалы қағаздар нарығына әсер ететін негізгі макроэкономикалық факторлар мен тенденциялар	5
1.2. Бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің ағымдағы көрсеткіштері	6
2-тарау. 2021 жылғы қадағалау процесі және басым қадағалау құралдарын дамыту	7
2.1. Risk Assessment and Supervision System (RASS) әдістемесі бойынша қадағалау процесі шеңберінде бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларын тұрақты қадағалап бағалау.....	7
2.1.1. Жүйелік маңыздылықты бағалау	8
2.1.2. Бизнес – бейінді бағалау	8
2.1.3. Тәуекел – бейінді бағалау	8
2.1.4. Тәуекелдерді басқару жүйесін және іс-әрекет көрсеткіштерін бағалау	9
2.1.5. RASS рейтингін шығару	9
2.1.6. Анықталған тәуекелдер мен қадағалау шараларын БҚНҚ-мен талқылау.....	10
2.2. Қадағалап стресс-тестілеу	10
2.3. Бағалы қағаздар нарығында жосықсыз мәмілелерді анықтау және жолын кесу процедураларын түрлендіру	Ошибка! Закладка не определена.
2.4. Эмитенттерді мониторингтеу рәсімдерін жетілдіру	12
3-тарау. Реттеушілік талаптарды жетілдіру	12
3.1. Пропорционалдылық қағидаттарын ескере отырып, пруденциялық талаптарды жетілдіру.....	Ошибка! Закладка не определена.
3.2. Ерте ескерту жүйелерін жетілдіру	13
3.3. Бағалы қағаздар нарығында жосықсыз мәмілелерді анықтау және жолын кесу процедураларын түрлендіру	14
3.4. Эмитенттерді мониторингтеу рәсімдерін жетілдіру	14

Кіріспе

Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету және қаржы жүйесіне деген сенімділікті сақтау Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің (бұдан әрі – Агенттік) басты мақсаты болып табылады. Айқын, ашық, дәйекті қадағалау саясаты және оның негізгі бағыттары көрсетілген мақсатқа жетудің маңызды элементі болып табылады.

Бұл құжат қаржы реттеушісінің қызметіндегі ашықтықты және қаржы нарығы қатысушыларының алдағы жылға арналған қадағалау қызметіндегі негізгі басымдықтар туралы хабардарлығын арттыруға бағытталған.

Қадағалау қызметінің негізгі басымдықтары тұтынушылардың құқықтарын қорғау, нарықтық тұтастықты арттыру және әділ бәсекелестік құру мақсатында ресурстарды пропорционалдылық, ашықтық және тиімді пайдалану қағидаттарына негізделген.

2021 жылы Агенттік бағалы қағаздар нарығында кәсіби қатысушылардың (бұдан әрі – БҚНҚ) қызметімен байланысты ықтимал макроэкономикалық факторлар мен микропруденциялық, іс-әрекет және қаржылық қылмыстардың тәуекелдерін ескеретін бағалы қағаздар нарығында тәуекелге бағдарланған қадағалауды жүзеге асыру бойынша жұмысты жалғастырады.

Тәуекелге бағдарланған тәсілдің негізгі міндеттері ерте араласу және олардың қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін қадағалау шараларын уақтылы қабылдау, сондай-ақ олардың қызметіндегі тәуекелдердің көбеюіне жол бермеу мақсатында БҚНҚ қызметіндегі тәуекелдер мен кемшіліктерді анықтау және алдын алу болып табылады.

Бұл ретте тәуекелге бағдарланған тәсіл пропорционалдылық қағидатын ескереді, ол мыналарды көздейді:

олардың қызметінің көлемін, маңыздылығын, сипатын, ауқымын және күрделілігін ескеру;

қаржы нарығындағы маңыздылығына қарай ранжирлеу;

бақылау мен қадағалаудың жиілігін, тереңдігі мен қарқындылығын анықтау.

Тәуекелге негізделген әдісті қолдану мақсатында Агенттік озық халықаралық тәжірибені ескере отырып, БҚНҚ тәуекелдерін бағалаудың ішкі моделін - Risk Assessment and Supervision System (RASS) әзірледі және тестілеуден өткізді.

Бұл модель БҚНҚ тәуекелдерді басқару жүйесін және қаржылық тұрақтылықты бағалаудағы қалыптандырылған тәсілден кетуді болжайды және жүйелік маңыздылықты, тәуекелдер бейінін, бизнес моделін және корпоративтік басқаруды кешенді бағалауға мүмкіндік береді. Тәуекелге негізделген әдісті қолдану Агенттікке өзінің бақылау ресурстарын неғұрлым қауіпті ұйымдарды ескерусіз тұтынушылар мен қаржы нарығының тұрақтылығы үшін ең үлкен қауіп төндіретін тәуекелдерге және жүйелік маңызды БҚНҚ-ге шоғырландыруға мүмкіндік береді.

Тәуекелге негізделген қадағалаудың маңызды құрауышы ретінде Агенттік ағымдағы жылы қадағалап стресс-тестілеуді енгізу және өткізу бойынша жұмысты жүргізуді жоспарлап отыр. Бұл саланың өзектілігі, сонымен қатар, азаматтардың жинақтарының бір бөлігін жеке басқаруға аудара алатын кезде, егер мүмкін болса, соңғы реттеуші өзгерістерге байланысты басқарушы компаниялардың портфолиосының сезімталдығын талдау және мүмкін жүйелік тәуекелдерді теңестіру қажеттілігімен байланысты.

Агенттіктің қадағалау қызметіндегі орталық бағыттарының бірі 2021 жылы жеке инвесторлардың құқықтарын тиісті деңгейде қорғау, іс-әрекетті қадағалау элементтерін қолдану және бағалы қағаздар нарығындағы жосықсыз тәжірибенің жолын кесу болады.

1-тарау. Қазақстанның бағалы қағаздар нарығы бойынша 2020 жылдың қорытындылары

1.1. Бағалы қағаздар нарығына әсер ететін негізгі макроэкономикалық факторлар мен тенденциялар

2020 жылы әлемдік және қазақстандық қор нарықтарындағы тенденциялар COVID-19 коронавирустық инфекцияның таралу жағдайымен, дамыған және дамушы елдердің реттеушілерінің экономиканы қолдау шараларымен анықталды.

Сонымен, пандемияның басында қор нарықтарының айтарлықтай теріс түзетулеріне қарамастан, әлемдік капитал нарықтары мен негізгі сауда серіктестері болып табылатын көрші елдердің нарықтарындағы ахуалдың жақсаруы аясында, сыртқы нарықтағы құбылмалылықтың төмендеуі биржалық нарық, 2020 жылдың екінші тоқсанынан бастап негізгі биржалық көрсеткіштер жақсарды.

2020 жыл ішінде қор нарығы мемлекеттік қолдау шаралары ретінде бөлінген қаржы ресурстарын бөлудің негізгі арналарының бірі болды.

Нәтижесінде, қор нарығының негізгі көрсеткіштері 2020 жылдың аяғында оң нәтиже көрсетті. Акциялар нарығын капиталдандыру 2020 жылы 11%-ға өсіп, жекелеген эмитенттер акцияларының құнын арттыру есебінен 19,1 трлн теңгеге жетті. 2020 жылдың қорытындысы бойынша KASE индексінің мәні 2 675 580 тармаққа дейін 13,2%-ға өсті, бұл 2008 жылғы маусым айынан бергі ең жоғарғы мән болып табылады.

Айналыстағы корпоративтік борыштың көлемі KASE листингіне жеке сектордың 24 облигациясы мен квазимемлекеттік компаниялардың 38 облигациясының енгізілуіне байланысты 2020 жылы 14,7 трлн теңгеге дейін 21,2%-ға ұлғайды.

Дәстүрлі банктік құралдардың тартымдылығының төмендеуі жағдайында 2020 жыл ішінде акциялар нарығына қызығушылық артты, бұл 129 267 шотқа дейін бөлшек инвесторлар санының артуымен расталады.

2020 жылы биржада инвестициялық пай қорларының пайларына сұраныстың айтарлықтай өсуі байқалды. Өткен кезеңде сауда-саттық көлемі 20,3 млрд теңге болды, бұл 2019 жылдың нәтижесінен 22 есе немесе 19,4 млрд теңге жоғары. Сауда-саттық көлемінің ұлғаюы осы сектордың құралдар аясының кеңеюіне және сауда-саттыққа қатысушылар белсенділігінің артуына байланысты болды.

Коронавирустық инфекциямен күресудің БҚНҚҚ-нің іскерлік белсенділігіне жағымсыз әсерін болдырмау үшін реттеуші 2020 жылы бірқатар шаралар қабылдады, атап айтқанда, БҚНҚҚ-ның капиталына және өтімділігіне қысымды төмендетуге бағытталған контрциклдік шаралар қабылданды, сондай-ақ қаржы секторы субъектілері ұсынатын мерзімді нормативтік және қаржылық есептілікті ұсыну мерзімдері ұзартылды.

1.2. Бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің ағымдағы көрсеткіштері

2021 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығында 38 брокер және (немесе) дилер ұсынылған, оның ішінде 18 банк және 20 банктік емес ұйым, 9 кастодиан банк, 19 инвестициялық портфельді басқарушы, 2 трансфер-агент, сондай-ақ 2 инфрақұрылымдық ұйым: «Қазақстан қор биржасы» АҚ және «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ. Сонымен қатар, «Қазақстан қор биржасы» АҚ қор, валюта, ақша және туынды қаржы нарықтарындағы орталық контрагент болып табылады.

2020 жылы брокерлердің және (немесе) дилерлердің және инвестициялық портфельді басқарушылардың жиынтық активтері 43,3%-ға өсіп, 410,9 млрд құрады.

Активтер құрылымында негізгі үлесті 265,9 млрд теңгеге немесе жиынтық активтердің 64,7%-ына тең бағалы қағаздар алады. Жыл басымен салыстырғанда бағалы қағаздар портфелі 116,4 млрд теңгеге немесе 77,9%-ға өсті.

Міндеттемелердің жалпы көлемі бір жыл ішінде 57,2% өсіммен 115,2 млрд теңгені құрады, бұл негізінен «РЕПО» операциялары көлемінің ұлғаюына байланысты болды.

Жалпы, жылдың соңында БҚНҚК орнықтылығының негізгі көрсеткіштері өсті.

Меншікті капитал 2020 жылдың басымен салыстырғанда 38,5%-ға 296 млрд теңгеге дейін өсті, негізінен 2 БҚНҚК жарғылық капиталын 39,4 млрд теңгеге толықтыру есебінен (жалпы өсімнің 48,0%) және бөлінбеген пайданың 2 БҚНҚК ұлғаюы есебінен 30,6 млрд теңгеге (жалпы өсімнің 37,3%).

БҚНҚК-ның капитал жеткіліктілігі мен өтімділік нормативтері 2020 жыл бойы ықтимал тәуекелдерге беріктіктің жеткілікті қорын көрсетті.

Қадағалау қызметінің қорытындылары бойынша 2020 жылы 9 БҚНҚК-ға қатысты 18 әкімшілік хаттама жасалды, салынған әкімшілік жазалардың жалпы сомасы 9,7 млн теңге болды.

Айыппұлдар БҚНҚК-тың мәмілелер жасау тәртібін бұзуына, бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау мақсатында мәмілелерді жасауына, толық емес және адастыруға әкелетін ақпаратты және жарнаманы таратуына, басшы қызметкерлерді келісу мерзімін бұзуына, реттеуіш есептілік шеңберінде жалған ақпарат беруіне, сондай-ақ КЖ/ТҚК саласындағы заңнаманың талаптарын сақтамауына байланысты салынды.

Бұдан басқа, 20 БҚНҚК-қа қатысты көбінесе ҚР заңнамасына сәйкес қажетті мәліметтерді, есептілікті, хабарламаларды бермегені, уақытылы бермегені немесе жалған ақпарат бергені, инспекциялық тексеру нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар үшін, сондай-ақ КЖ/ТҚК саласындағы заңнаманың талаптарын сақтамағаны үшін 32 қадағалап ден қою шарасы, оның ішінде 21 қадағалап ден қоюдың ұсынымдық шарасы және 11 жазбаша ұйғарым қолданылды.

2021 жылы 1 қаңтардағы жағдай бойынша бағалы қағаздар нарығында 1 208 бағалы қағаздар эмитенті, оның ішінде 1 144 акционерлік қоғам, 64 жауапкершілігі шектеулі серіктестік қызметін жүзеге асырды.

2020 жылы Агенттік 112 бағалы қағаздар шығарылымын, оның ішінде 42 акциялар шығарылымын; 66 облигациялар шығарылымын, оның ішінде екінші деңгейдегі банктер – 12, квазимемлекеттік сектордың эмитенті – 38; 4 пайлар шығарылымын тіркеді.

Бағалы қағаздар нарығы туралы және акционерлік қоғамдар туралы заңнаманың талаптарын сақтау бойынша эмитенттердің қызметін мониторингтеу нәтижелері бойынша 43 әкімшілік хаттама жасалды, 5,6 млн теңге сомаға әкімшілік жаза салынды, 177 шектеулі ықпал ету шарасы (124 ескерту, 53 ұйғарым) шығарылды. Эмитенттердің корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты ашуға қатысты корпоративтік басқару талаптарын сақтамауы көрсетілген шараларды қабылдауға негіз болды.

2-тарау. 2021 жылғы қадағалау процесі және басым қадағалау құралдарын дамыту

2021 жылы Агенттік қадағалау процесінің көп қырлы моделін жасау арқылы бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларының тәуекелдерін және қаржылық тұрақтылығын бағалау жұмысын жалғастырды.

Агенттік Risk Assessment and Supervision System (RASS) әдістемесі бойынша қадағалау процесін одан әрі жетілдіруді және қадағалап стресс – тестілеуді енгізуді жүзеге асыратын болады.

Әдістеме БҚНҚ-ны тәуекелдің дәрежесіне байланысты ранжирлеуге және қадағалау іс-әрекетінің қарқындылығы, мерзімділігі, көлемі мен мазмұны бойынша қадағалау режимін саралауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ компания қызметінің ауқымына және оған тән тәуекелдерге байланысты тепе-тең реттеуіш талаптарды қолданатын болады.

Бағалы қағаздар нарығында жосықсыз практикалардың алдын алу рәсімдерін жетілдіру және осы бағытта орын алған тәсілдерді өзектендіру мәселелеріне ерекше мән беріледі.

2.1. Risk Assessment and Supervision System (RASS) әдістемесі бойынша қадағалау процесі шеңберінде бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларын реттеуіш қадағалауды бағалау

БҚНҚ-ны қадағалауды бағалау БҚНҚ-ның тәуекелдерді бағалау жүйесі факторларының мынадай топтары: 1) жүйелік маңыздылық факторлары; 2) бизнес-профильді бағалау факторлары; 3) тәуекел-профильді бағалау факторлары; 4) тәуекелдерді басқару жүйесін және ауытқушылық көрсеткішін бағалау факторлары бойынша бөлінген қызметінің сандық және сапалық өлшемдерінің кешенін бағалау арқылы халықаралық практикалар негізінде әзірленген ішкі әдістемеге сәйкес жүзеге асырылады.

Сандық талдау БҚНҚ-ның көптеген салыстырмалы және абсолютті қаржылық көрсеткіштерінің өзгерістерін бағалауды білдіреді.

Сапалық талдау жүргізу сандық көрсеткіштермен өлшеуге болмайтын тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің сапалық элементтерін зерделеу қажеттілігімен байланысты.

Сапалық талдау бағалау процесінің ажырамас бөлігі болып табылады және оны жүргізу кезінде БҚНҚ-ның тәуекел бейініне әсер ете алатын ішкі және сыртқы факторларды бағалаудың неғұрлым перспективті тәсілі пайдаланылады.

Сапалық талдау жүргізу үшін Агенттік жылына бір рет БҚНҚ-мен сауалнама жүргізіп, ішкі саясаттарын, рәсімдерін, қағидалары мен есептерін сұрататын болады.

Алынған мәліметтер мен сандық көрсеткіштер негізінде Агенттік жартыжылдық негізде берілген құжаттарды және ақпаратты төрт фактор бойынша (жүйелік маңызы, бизнес-бейіні, тәуекел бейіні, тәуекелдерді басқару жүйесі және іс-қимыл көрсеткіштері) талдау процесін жүргізіп отырады.

Risk Assessment and Supervision System (RASS) әдістемесі бойынша бағалау БҚНҚ беретін есептіліктің, ақпараттың тиісті деректері, сондай-ақ өзге де қолжетімді ішкі және сыртқы ақпарат көздерінің негізінде ағымдағы жылғы маусымда және желтоқсанда жүзеге асырылатын болады.

2.1.1. Жүйелік маңыздылықты бағалау

Жүйелік тәуекелдерді теңестіру және бағалы қағаздар нарығының орнықтылығы соларға байланысты БҚНҚ-ны айқындау үшін жүйелік маңыздылық факторы есептеледі. Жүйелік маңыздылық БҚНҚ кәсіби қызметінің көлемін сипаттайтын сандық көрсеткіштерді пайдалана отырып бағаланады. БҚНҚ-ның нарықтағы үлесі басқаруға қабылдаған активтерінің көлемі, қызмет көрсетілетін бөлшек инвесторлары мен мәмілелерінің саны, сауда-саттық көлемі бойынша бағаланады.

2.1.2. Бизнес - бейінді бағалау

БҚНҚ-ның бизнес - бейінін бағалау бизнестің даму стратегиясы және сату жолдарын ұлғайту тұрғысынан жүзеге асырылады. Атап айтқанда, клиенттер санының күрт ұлғаюы не азаюы, компанияның бизнесті дамыту бойынша агрессивті әрекеті, клиенттерді тартудың және қызметтерді көрсетудің жаңа жолдарын енгізу сияқты факторлар ескерілетін болады.

Сонымен қоса, қолдау көрсету факторы ретінде ірі акционер тарапынан қаржылық қолдау көрсету ықтималдығы да есепке алынады.

2.1.3. Тәуекел бейінін бағалау

БҚНҚ тәуекел бейінін бағалау кезінде БҚНҚ активтерінің құрылымы мен сапасын сипаттайтын 15 сандық көрсеткіш қарастырылады. Бұл көрсеткіштер БҚНҚ қызметінің ерекшелігі ескеріле отырып бейімделген және бағалы қағаздар портфелін әртараптандыру, қысқа мерзімді міндеттемелердің үлесі және қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері тұрғысынан қарастырылады.

2.1.4. Тәуекелдерді басқару жүйесін және іс-қимыл көрсеткіштерін бағалау

Тәуекел-менеджментін және іс-қимыл көрсеткіштерін бағалау үшін БҚНҚК тәуекелдерін басқару және ішкі бақылау жүйесінің жай-күйін көрсететін сапалық өлшемшарттар жиынтығы пайдаланылады. Атап айтқанда, тәуекел-менеджмент жүйесінің маңызды тәуекелдерді қаншалықты басқаруға, қажетті ішкі бақылау деңгейін, IT-жүйелерінің бизнес көлеміне сәйкестігін және олардың қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету мүмкіндігін қамтамасыз етуге мүмкіндік бере алатындығы талданады. Кәсіптік жауапкершілік және этика саясаты, клиентке бағдарлану дәрежесі қарастырылады.

Бұдан басқа бағалы қағаздар нарығындағы іскерлік беделі, құқықтық тәртібі мен адал іс-қимылы талданады.

БҚНҚК-ның бизнестегі іс-қимылын бағалау үшін клиенттерге қызмет көрсету саясаттары, кәсіби этика және клиенттермен өзара іс-қимыл жасау мәселелері жөніндегі саясаттары талданатын болады.

2.1.5. Rass рейтингін шығару

Қадағалау бағасын шығару процесі уәкілетті орган тарапынан мынадай жұмыстарды жүргізуді көздейді:

1) реттеушілік есептілік және БҚНҚК-дан ресми сұрату салумен сұралатын мәліметтер негізінде сандық деректерді жинау және өңдеу;

2) ішкі саясат, рәсімдер, қағидалар мен есептер сияқты сұратылған құжаттар негізінде сапалы деректерді, сондай-ақ тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесіне қойылатын заңнамалық регламенттелген талаптарды ескере отырып, өзге де ақпаратты жинау және өңдеу;

3) әрбір БҚНҚК бойынша әрбір фактор бойынша рейтингтерді есептеу («1»-ден (төмен тәуекел) «3»-ке (жоғары тәуекел) дейін);

4) қадағалау ақпаратын және қадағалау пайымын ескере отырып, рейтингтерді түзету (қажет болған кезде);

5) өзектендірілген деректерді ескере отырып, әрбір БҚНҚК бойынша финалдық рейтингті есептеу;

6) қорытынды баға, санат және қадағалаудың тиісті режимі көрсетілген БҚНҚК тізімін қалыптастыру.

БҚНҚК тізімі бизнестің даму ауқымы мен қарқыны, қаржылық жағдайы, тән тәуекелдердің маңыздылығы, клиенттер саны, жүзеге асырылатын қызмет түрлері, қашықтан қадағалау нәтижелері, қолданылған қадағалау шараларының саны мен құрамы, БҚНҚК-ға қатысты шағымдардың/өтініштердің саны мен құрамы, соңғы инспекциялық тексеру күні және өзге де факторлар сияқты факторларды ескере отырып, сараптамалық жолмен түзетілуі мүмкін.

Лицензия алған күннен бастап күнтізбелік бір жыл ішінде оған қатысты бағалау үшін деректер жеткіліксіз БҚНҚК нарығына алғаш рет жіберілген тәуекел дәрежесі төмен БҚНҚК-ға жатады.

2.1.6. БҚНҚ-мен анықталған тәуекелдерді талқылау және қадағалау шаралары

Жүргізілген қадағалау бағалауының нәтижелері бойынша анықталған тәуекелдер мен кемшіліктер туралы ақпараттың негізінде Агенттік тәуекелдерге неғұрлым бейім және БҚНҚ тарапынан түзету шараларын қабылдауды талап ететін БҚНҚ қызметінің салаларын айқындайтын болады. Агенттік бағалау жүргізілгеннен кейін жүргізілген бағалау қорытындылары бойынша анықталған қызметтің проблемалық аспектілерін талқылау бойынша БҚНҚ басшылығымен екіжақты кездесулер өткізеді және (немесе) БҚНҚ-ға қатысты ықпал етудің қадағалау шаралары қолданылады.

Анықталған тәуекелдер мен кемшіліктер инспекциялық тексерулер жоспарын жасау кезінде ескерілетін болады.

2.1.7. RASS әдістемесін жасау

2021 жылдың екінші жартыжылдығында БҚНҚ тәуекелдеріне жүргізілген бағалау нәтижелері бойынша RASS әдістемесінің тиімділігіне талдау жүргізу және қажет болған жағдайда ХВҚ халықаралық сарапшыларының техникалық көмегін тарта отырып, RASS сандық және сапалық өлшемшарттарын қайта қарау жоспарлануда.

2.2. Қадағалау стресс-тестілеу

Қаржы нарықтарының құбылмалылығы жағдайында БҚНҚ-ның қаржылық орнықтылығын талдау және кәсіби қатысушылардың жағымсыз нарықтық оқиғаларға ықтимал осалдығын бағалау мақсатында Агенттік 2021 жылы статистикалық модельдер негізінде пилоттық режимде стресс-тестілеу жүргізу бойынша жұмысты бастауды жоспарлап отыр.

Бұл процесс төрт кезеңнен тұрады:

1. 1-кезең – TIMS әдіснамасының элементтерін немесе VAR құралдарын қолдана отырып, БҚНҚ бағалы қағаздар портфельдерін стресс-тестілеу құралдарын жасау.

2. 2-кезең – ықтимал стресстік сценарийлерді сынақтан өткізу және капиталдың жеткіліктілігі мен өтімділігінің модификацияланған коэффициенттерін есептеу

3. 3-кезең – нәтижелерді аяқтау және нәтижелерді Агенттік басшылығына жолдау

4. 4-кезең – БҚНҚ тәуекелдеріне ерте ден қоюдың реттеуші шаралары ретінде БҚНҚ бағалы қағаздар портфелін стресс-тестілеу құралдары мен нәтижелерін қолдану жөніндегі мәселені қарау

Стресс-тестілеуді Tims (Theoretical Intermarket Margin System) әдіснамасының элементтерін пайдалана отырып, бағаның өзгеруі және позицияларды қайта бағалау болжанатын бірқатар гипотетикалық нарықтық сценарийлерді ескере отырып, портфельдің құнын есептейтін немесе VAR әдіснамасын пайдалана отырып жүргізу жоспарланып отыр.

Ықтимал стрестік сценарий ретінде бағаның тарихи құбылмалылығы мен осы позициялардың өзгеруінің тиісті коэффициенттері негізінде БҚНҚК инвестициялық портфельдеріндегі анағұрлым тәуекелді позициялардың құнын төмендету қарастырылады.

Осыдан кейін мұндай позицияларды олардың стандартты ауытқуларын және белгіленген уақыт көкжиегімен берілген сенімділік аралығын ескере отырып «кесу» жүзеге асырылады.

Сонымен бір мезгілде валюта бағамының сценарийлік өзгеруін ескере отырып, БҚНҚК портфельін қайта бағалау көзделеді.

Стресс-тестілеу қорытындылары бойынша өтімді активтердің құнын түзету («кесу») негізінде меншікті капитал жеткіліктілігі мен өтімділіктің түрлендірілген коэффициенттері есептелетін болады.

Стресс-тестілеу нәтижелері бойынша пруденциялық нормативтердің айтарлықтай ауытқуы олардың қаржылық орнықтылығын қамтамасыз етуге бағытталған БҚНҚК-ға қатысты ерте ден қою шараларын қабылдау үшін негіз ретінде қаралатын болады.

Осы әдіснаманың элементтерін қолдана отырып, БҚНҚК портфельдерін стресс-тестілеу құралдарын әзірлеуді екінші жартыжылдықта аяқтау жоспарлануда. Бұдан әрі капиталдың жеткіліктілігі мен мерзімді өтімділіктің түрлендірілген коэффициенттерін есептей отырып, ықтимал стрестік сценарийлерді сынамалық тестілеу жүргізілетін болады. Жүргізілген жұмыс нәтижелері бойынша екінші жартыжылдықта БҚНҚК тәуекелдеріне ерте ден қоюдың реттеушілік шаралары ретінде стресс-тестілеу құралдары мен нәтижелерін қолдану мәселесі қаралатын болады.

2.3. Бағалы қағаздар нарығында жосықсыз мәмілелерді анықтау және олардың жолын кесу рәсімдерін түрлендіру

Агенттік тұрақты негізде бағалы қағаздар нарығындағы бағалармен айла-шарғы жасау мақсатында жасалған күдікті мәмілелерді анықтау мәніне іс-шаралар жүргізеді. Бұл мониторинг Агенттікке ПУРЦБ есептілігі шеңберінде келіп түсетін мәмілелер туралы ақпаратты пайдалануға және қор биржасымен өзара іс-қимылға негізделеді.

2021 жыл ішінде Агенттіктің және қор биржасының арнайы құрылған жұмыс тобының шеңберінде күдікті мәмілелер туралы ақпарат алмасу және айла-шарғы жасау белгілерінің бар-жоғын талқылау жөніндегі іс-шаралар жүзеге асырылатын болады. Арнайы құрылған жұмыс тобының отырыстары қажеттілігіне қарай жүйелі түрде, бірақ айына кемінде бір рет өткізілетін болады.

Күдіктілік белгілері болған кезде мәмілелер айла-шарғы жасау мақсатында жасалған бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелерді тану мәселелерін қарау мақсатында құрылған Сараптама комитетінің қарауына шығарылатын болады.

Сараптама комитеттің қорытындысын ескере отырып, Агенттік мәмілелерді айла-шарғы жасау мақсатында жасалды деп тану туралы шешім қабылдайды және әрекеттері айла-шарғы жасау деп танылған мәмілелерге

қатысушыларға қатысты әкімшілік санкциялары қолданады. Мәселен, 2020 жылдың қорытындысы бойынша Сараптама комитеті айла-шарғы жасау тұрғысынан 11 күдікті схеманы қарады, оның 1 жағдайы осындай деп танылды және Агенттік 2 әкімшілік істі қолданды.

2021 жылы Агенттік осы бағыттағы жұмысты жалғастырады. Қосымша, 2021 жылғы наурызда Комитет құрамына шетел валютасымен күдікті мәмілелерге қатысты мәселелерді қарау үшін оған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өкілдерін енгізу бөлігінде кемінде 1 мүше енгізілетін болады.

Сонымен бірге, инвесторлардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша тәсілдерді үнемі жетілдіру қажеттігін, жаңа қаржы құралдарының пайда болуын және олардың қолжетімділігін арттыруды ескере отырып, Агенттік 2021 жылы қор нарығындағы жосықсыз мінез-құлық белгілері мен бағалы қағаздармен мәмілелердің маңызын арттыру тұрғысынан бағалармен айла-шарғы жасау мақсатында жасалды деп тану өлшемшарттарына талдау жүргізетін болады.

2.4. Эмитенттер қызметін мониторингтеу

Агенттік тұрақты негізде бағалы қағаздар бойынша кірістерді төлеу тәртібі (1), жасалуына мүдделілік танытылған ірі мәмілелер мен мәмілелер жасау (2), бағалы қағаздар эмитенттерінің өз қызметі туралы ақпаратты ашуы (3), бағалы қағаздарды ұстаушылардың құқықтары мен мүдделерін сақтау(4), бағалы қағаздар шығарылымдарын мемлекеттік тіркеу рәсімдерін жүргізу кезінде эмитенттердің салалық заңнаманы сақтауы (5) бойынша бағалы қағаздар шығарылымы проспектісімен, бағалы қағаздар нарығы туралы және акционерлік қоғамдар туралы заңнамамен белгіленген талаптардың сақталу мәніне бағалы қағаздар эмитенттерінің қызметін мониторингтеуді жүзеге асырады.

Эмитенттердің қызметін мониторингтеу барысындағы реттеушінің негізгі құралы эмитенттердің Қаржылық есептілік депозитарийінің (бұдан әрі - ҚЕД) интернет-ресурсында, қор биржасында ашатын ақпараты, облигацияларды ұстаушылардың өкілдері эмитенттердің облигациялар шығарылымының проспектісінде белгіленген міндеттемелерді сақтауы бойынша ұсынған есептері, жеке және заңды тұлғалардың өтініштері мен шағымдары, сондай-ақ реттеушіге қол жетімді, оның ішінде мемлекеттік дерекқордағы басқа да ақпарат болып табылады.

Агенттікке келіп түсетін эмитенттердің қызметі туралы барлық ақпарат, сондай-ақ эмитенттер ҚЕД, қор биржасының және басқа да мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында орналастырған ақпарат, сондай-ақ облигацияларды ұстаушылар өкілдерінің есептерінен алынған деректер, азаматтар мен заңды тұлғалардың өтініштер беруіне себеп болған заң бұзушылық деректері мен мән-жайларды анықтау мақсатында талданады.

Эмитенттердің өз қызметі туралы ақпаратты ашудағы заңнама талаптарының сақталуын мониторингтеу эмитенттердің корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты (бағалы қағаздары қор биржасында айналыстағы эмитенттер бойынша ай сайын) ашуы бойынша тоқсан сайынғы мерзімділікпен (1)-ден ҚЕД-дан есептерді, қоғамның үлестес тұлғалары туралы есептерді, қаржылық

есептілікті жүктеу арқылы жүзеге асырылады. Эмитенттердің (акционерлік қоғамдардың) атқарушы органдардың мүшелеріне төлеген жиынтық сыйлықақысы туралы ақпаратты эмитенттердің ашуына мониторинг жүргізу жыл сайын жүзеге асырылады.

Заңнама талаптарын бұзушылық деректерін анықтау немесе азаматтардың өтініш беруіне себеп болған мән-жайларды анықтау үшін Агенттік қосымша ақпарат алу мақсатында эмитенттің, биржа, орталық депозитарий, «Ақпараттық есептеу орталығы» АҚ және басқа адамдардың атына сұратулар жіберу арқылы құжаттамалық тексеру ашылады.

Эмитенттерге жүргізілген мониторинг нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзушылықтар анықталған жағдайда, Агенттік жазбаша ұйғарымдар мен ескертулер түріндегі тиісті шектеулі ықпал ету шараларын қолданады, сондай-ақ әкімшілік айыппұлдар түріндегі санкциялар қолданылады.

3-тарау. Реттеушілік талаптарды жетілдіру

2021 жылы тәуекелге бағдарланған қадағалауды одан әрі дамыту мақсатында Агенттік заңнама талаптарын жетілдіру және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге, тәуекелдерді теңестіруге және бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың іскери мінез-құлқын жақсартуға бағытталған жаңа реттеушілік бастамаларды әзірлеу бойынша жұмысты жалғастырады.

Атап айтқанда, мынадай бағыттар бойынша қадағалау әдіснамасын жетілдіру жоспарлануда.

3.1. Тепе-теңдік қағидаттарын ескере отырып, пруденциялық талаптарды жетілдіру

Агенттіктің пруденциялық нормативтерді БҚНҚК өзіне қабылдайтын тәуекелдерге байланысты тепе-тең белгілеу құзыретін көздейтін заңнамалық түзетулерге бастамашыл болды. Аталған ережені іске асыру үшін Агенттік ағымдағы жылы БҚНҚК қызметінің ауқымы мен өзіне тән тәуекелдерді ескере отырып, меншікті капиталдың жеткіліктілігі мен өтімділік нормативтерін есептеуді жетілдіру бойынша жұмысты бастауды жоспарлап отыр.

Сонымен бірге, тәуекелдерді басқару жүйелеріне қойылатын талаптарды, есеп берудің тәртібі мен кезеңділігін, БҚНҚК-ға қатысты қадағалау режиміне байланысты саралау жоспарлануда.

Жоспарланған өзгерістердің негізгі мақсаты - жүйелік маңызды қатысушылардың тұрақтылығына назар аудара отырып, жоғары тәуекелге ұшырамайтын кәсіби қатысушылардың қызметін жеңілдету және ырықтандыру.

3.2. Ертерек ескерту жүйелерін жетілдіру

Ағымдағы жылдың ішінде Агенттік БҚНҚК портфельдерін стресс-тестілеу әдіснамасын зерделеуді және стресс-тестілеу құралдарын сынақтан өткізуді

жоспарлап отыр. 2021 жылы стресс-тестілеуді пилоттық режимде өткізуді аяқтау болжанып отыр, содан соң оның нәтижелерін ерте ден қоюдың реттеушілік шараларын қолдануға негіз ретінде пайдалану мүмкіндігі қарастырылады. Атап айтқанда, өтімді активтер құнын түзету нәтижесінде меншікті капитал жеткіліктілігі мен шұғыл өтімділіктің түрлендірілген коэффициенттерін белгілеу мәселесі қарастырылады.

3.3. Бағалы қағаздар нарығындағы жосықсыз мәмілелерді анықтау және алдын алу рәсімдерін түрлендіру

Агенттік жүргізілетін мониторингтің қамтылуын кеңейтуді және бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің әрекеттерін бағалы қағаздар нарығындағы айла-шарғы фактілерін анықтау тұрғысынан талдауды көздейтін заңнамалық түзетулерге бастама жасады. Айла-шарғының қалыптандырылған талаптары мен өлшемшарттарынан заңнамалық акті деңгейінде бас тарту көзделеді.

Соған байланысты 2021 жылы Агенттік бағалы қағаздар нарығындағы жосықсыз іс-қимылды анықтау және алдын алу саласындағы соңғы халықаралық практикалар мен үрдістерді зерделеу және талдау жұмысын жүргізетін болады.

Алынған ақпарат негізінде қолданыстағы айла-шарғы өлшемшарттарының халықаралық тәсілдерге сәйкестігіне талдау жасалып, олар осы жұмыс пен қолданыстағы қадағалау практикасы ескеріле отырып жаңартылады.

Бағалы қағаздар нарығы субъектілері мен өзге тұлғалардың әрекеттері айла-шарғы мақсатында жасалғандығын анықтау тұрғысынан мониторингтеуге және талдануға тиіс қолданыстағы талаптар мен өлшемшарттарды жаңарту жүргізілген жұмыс нәтижесі болмақ.

Күмәнді операцияларды анықтау процесінің тиімділігі мен түрленуін арттыру мақсатында қор биржасы 2021 жылы халықаралық нарықта ұсынылатын нұсқалардың ішінен мамандандырылған бағдарламалық қамтылымды сатып алу мәселесін қарауды жоспарлап отыр.

3.4. Эмитенттерді мониторингтеу рәсімдерін жетілдіру

2021 жылы Агенттік эмитенттердің қызметін бейінді заңнама талаптарын сақтауы тұрғысынан мониторингтеуді жалғастырады. Агенттіктің эмитенттердің қызметін мониторингтеу және олардың қызметі туралы ақпаратты КЕД-нің интернет-ресурсында жария ету рәсімдерін автоматтандыру, эмитенттердің өз қызметі туралы ақпаратты уақтылы жария етпеу жағдайларының санын азайту жөніндегі қызметін одан әрі жетілдіру мақсатында 2021 жылы Агенттік мынадай шараларды іске асыратын болады.

Эмитенттер электрондық түрде енгізетін өзгерістер мен толықтырулар ескеріле отырып бағалы қағаздар шығарылымдарының проспектілерін қалыптастыру процесін автоматтандыру үшін Үкіметтің қарауында жатқан «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру нарығы мен бағалы қағаздар нарығын реттеу және дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы шеңберінде заңнамалық түзетулерге бастама жасалды.

Аталған түзетулер мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздарды мемлекеттік тіркеуді және мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымының проспектісіне өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды тіркеуді бірыңғай процеске біріктіруді көздейді.

Эмитенттер үшін мемлекеттік қызметтер көрсетудің ыңғайлы тетігін құру мақсатында «Эмиссиялық бағалы қағаздардың мемлекеттік тізілімі» интернет-порталы құрылды, ол арқылы Агенттікке бағалы қағаздарды шығарумен, орналастырумен, өтеумен және күшін жоюмен байланысты құжаттар берілетін болады. Ол үшін Агенттік актілерінің деңгейінде тиісті нормативтік құқықтық база әзірленеді.

«Эмиссиялық бағалы қағаздардың мемлекеттік тізілімі» интернет-порталын мемлекеттік органдардың, орталық депозитарийдің, қор биржасының, ҚЕД-нің дерекқорларымен біртіндеп интеграциялау жүргізіледі. Бұл бағалы қағаздарды шығарумен, орналастырумен, өтеумен және күшін жоюмен байланысты рәсімдерді оңтайландыруға және өз қызметі туралы ақпаратты жария ету бөлігінде эмитенттерге түсетін жүктемені азайтуға мүмкіндік береді.